


Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік
әріптестік пен әлеуметтік және еңбек
қатынастарын реттеу жөніндегі
салалық комиссияның
2018 жылғы 21 маусымдағы
№ 2-2018 хаттамасымен мақұлданған

**2017-2019 жылдарға арналған
Қазақстан Республикасының мұнай-газ,
мұнай өндеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге
№ 2 қосымша келісім**

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
Қорғау министрлігінде
2018 жылғы « 28 » сәуірі
№ 70 тіркелген


М. Кудайберген

**2017-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге**

№ 2 қосымша келісім

Астана қаласы

2018 жылғы 21 маусым

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 4-2017 хаттамасының үшінші мәселесінің 3-тармағына сәйкес саладағы уәкілетті мемлекеттік органның өкілетті өкілдері – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, жұмыс берушілердің өкілетті өкілдері: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, жұмыскерлердің өкілетті өкілдері: «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ мен «Химия, мұнай-химия және өндірістің ұқсас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ 2017-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге (бұдан әрі – Салалық келісім) осы Қосымша келісімді жасасты және Салалық келісімге мынадай өзгеріс енгізуге келісті:

1.«Еңбекке ақы төлеудің негізгі принциптері» 5-бөлімінің 5.2-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа 3-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«3-1) Бірінші және екінші, екінші және үшінші біліктілік разрядтар арасында саладағы разрядаралық коэффициенттің ең төмен шегі кемінде 1,06; үшінші мен төртінші арасында кемінде 1,05; төртінші мен бесінші арасында кемінде 1,01; бесінші мен алтыншы арасында кемінде 1,05; алтыншы мен жетінші, жетінші мен сегізінші арасында кемінде 1,01 болып белгіленсін;

Егер ұйымдарда еңбекке ақы төлеу жүйесімен барынша жоғары мәндері бар разрядаралық коэффициенттер көзделген жағдайда, оларды төмендету жағына қарай қайта қарау мүмкін емес».

2. Осы Қосымша келісіммен қозғалмаған Салалық келісімнің барлық шарттары өзгермейді және Әлеуметтік әріптестік тараптары олар бойынша өз міндеттерін растайды.

3. Осы Қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады, мемлекеттік және орыс тілдерінде 7 данада жасалды.

4. Осы Қосымша келісім Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

5. Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ:

Қазақстан Республикасының
Энергетика вице-министрі



Б. Ақшолақов

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Атамекен» Қазақстан Республикасының
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқаның
Әлеуметтік сала және әлеуметтік әріптестік
Комитетінің төрағасы



Т. Доскенов

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және
энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы»
заңды тұлғалар бірлестігі
Бас директоры



Ә. Мағауов

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Қазақстандық мұнай-газ кәсіпкерлерінің
қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға



С. Қалиев

«Қазақстандық мұнай-газ
салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға



Т. Қабдолов

«Химия, мұнай-химия және өндірістің
ұқсас салалары жұмыскерлерінің
салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға



К. Пірімқұлов